

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 1 наурызда № 3-5-165 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 12 маусымдағы № 22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 12.06.2018 № 22 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ырғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 01 ақпандағы № 2-17/29 ұсынысы негізінде Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылжар ауылдық округі Құрылыс ауылының Қ. Сәрсенбаев және А. Бимұратов көшелерінде жануарлар арасынан құтырық ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ырғыз аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылжар ауылдық округінің әкімі

А. Избасарова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК